

Қауымдастықтың еркіндік құқығы

Озық тәжірибе: негізгі жерлері

Бейресми аударма; БҰҰ Арнайы Баяндамашы мазмұнын тексермеген
Unofficial translation; content not verified by the UNSR



Біз бірлестік ретінде тіркеуден өтуге міндеттіміз бе?

Жоқ

Қауымдастықтың еркіндік құқығы тіркелген және тіркелмеген бірлестіктерді теңдей дәрежеде қорғайды. Тіркелмеген бірлестіктерге қатысатын тұлғалар қызметтің кез келген заңды түрлерін еркін жүзеге асыру мүмкіндігіне, соның ішінде бейіт жиналыстар өткізу және оларға қатысу құқығына иелік етуі тиіс және қылмыстық қудаланбауы тиіс ([A/HRC/20/27](#), 14-бет, 56-тармақ).

Маған қауымдастық еркіндігінің құқығы қолданыла ма?

Иә

Сіздің кім екеніңіз маңызды емес. Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар туралы пактінің ([ХАҚҚП](#)) 22-бабы Пактінің өзімен (кемсiтпеушiлiк туралы 2-бабын қараңыз) және Адам құқықтары жөнiндегi кеңестiң, [15/21](#), [21/16](#) және [24/5](#) қарарларымен көзделгендей барлығының бірлестік еркіндігіне құқығын мойындайды. Өзінің [24/5](#) қарарында Кеңес мемлекеттерге барлық адамдардың бейбіт жиналыстарға және қауымдастық еркіндігіне, Интернеттегі, сондай-ақ шынайы өмірдегі, соның ішінде таңдау мағынасындағы еркіндігіне, азшылықтың өкілдерінің және осы құқықтарды жүзеге асыруға немесе алға бастыруға бағытталған ерекше пікірлер мен сенімдерді құрметтеу және құқықтарын қорғау міндеттерін естеріне салды ([A/HRC/26/29](#), 9-бет, 22-тармақ). Заңнама әлдебір адамдарға, соның ішінде балаларға, шетелдік азаматтарға, этникалық немесе тіл бойынша азшылық өкілдеріне, ЛГБТИ өкілдеріне, әйелдерге және басқаларға қандай да бір нақты шектеулер белгілеуге тиіс емес ([A/HRC/20/27](#), 14-бет, 54-тармақ; [A/HRC/26/29](#), 6-7-беттер, 18-тармақ). Қауымдастық еркіндігіне құқық жекелей алынған заңды тұлғаларға да таралады (мысалы, біреуге бірігуге шешім қабылдаған екі қауымдастық).

Мемлекеттің қауымдастық құқығын іске асыруға қолғабыс көрсетудің қандай да бір міндеттемелері бар ма?

Иә

Мемлекеттер бірлестіктердің қызметіне септігін тигізетін жағдайларды жасау және сүйемелдеу үшін дұрыс шараларды қабылдауға міндетті. Бірлестіктер мүшелері тиісті заңдық рәсімдерді сақтаусыз немесе озбырлықпен, өз бетінше қамаумен немесе ұстаулармен, қинаумен, БАҚ-ғы өсек-аяндармен, жылжуға тыйым салулармен қауіптерден, қорқыту мен күштеулерден, соның ішінде қудалаулардан, өлім жазасынан қорықпай қауымдастық еркіндігіне өзінің құқығын іске асыруға мүмкіндігі болуы тиіс ([A/HRC/20/27](#), 15-16-беттер, 63-тармақ). Мемлекеттер сондай-ақ қауымдастық еркіндігіне құқықты жүзеге асыруға негізсіз кедергі келтірмеуі тиіс. Бірлестік мүшелері мемлекеттің араласуынсыз оның жарғысын, құрылымы мен қызметін анықтау және шешімдер қабылдау мүмкіндігіне иелік етуі тиіс. Бірлестіктер басқалармен қатар өз пікірін білдіру, ақпарат тарату, өзінің жұмысына жұртшылықты тарту және өз құқықтары мен көзқарастарын үкіметтер мен адам құқықтары жөніндегі халықаралық органдардың алдында қорғау құқығын пайдалануы тиіс ([A/HRC/20/27](#), 16-бет, 64-тармақ).

Егер мен заңды тұлға құруды қалайтын болсам, оны тіркеудің талап етілуі мүмкін бе?

Иә

Өзіндік құқық субъектілігіне иелік ететін бірлестікті құру кезінде қандай да бір түрде тіркеу талап етіле алады, алайда бұл ретте үкімет шенеуніктері адал, уақтылы және іріктеусіз әрекет етуі маңызды. Арнайы баяндамашы озық тәжірибеге тегін және жедел өткізілетін күрделі емес және ауыртпалық түсірмейтін рәсімдерді жатқызады ([A/HRC/20/27](#), 14-бет, 57-тармақ; [A/HRC/RES/22/6](#)). Тіркеу рұқсат алу үшін емтихан ретінде қарастырылмауы тиіс. Атап айтқанда, ұйымды құрған кезде рұқсаттық емес, хабарландыру тәртібі әрекет етуі тиіс ([A/HRC/20/27](#), 21-бет, 95-тармақ). Хабарландыру рәсімі кезінде бірлестік оның негізін қалаушылар билік орындарына ұйымның құрылуы туралы хабарлай салысымен автоматты түрде заңды тұлға мәртебесін алады. Сонымен бірге мұндай хабарландыру қауымдастықтың жұмыс істеуінің алдын ала шарты болмауы тиіс ([A/HRC/20/27](#), 15-бет, 58-тармақ). Жаңадан қабылданған заңдар бұрын тіркеліп қойған бірлестікті қайта тіркеуді талап етпеуі тиіс ([A/HRC/20/27](#), 15-бет, 62-тармақ).

Билік органдары мені хабардар етпей менің өтінішімді белгісіз мерзімге кейінге қалдыра немесе қабылдамай тастай ала ма?

Жоқ

Тіркеу органдары дереу әрекет етуге міндетті, ал заң берілген құжаттар бойынша шешімдер қабылдау үшін қысқа мерзімдерді белгілеуі тиіс. Бұл кезеңде бірлестікті кері жағдай дәлелденген дейін заңды негіздерде әрекет ететін деп санау керек. Егер жауап айқын белгіленген қысқа мерзімнің ішінде берілмесе, бірлестік заңды негіздерде әрекет етеді деп пайымдау керек ([A/HRC/20/27](#), 15-бет, 60-тармақ). Берілген құжаттардың немесе өтініштердің қабылданбауы туралы кез келген шешім айқын дәлелденуі және өтініш берушіге дер кезінде жазбаша нысанда хабарлануы тиіс. Құжаттары қабылданбаған бірлестіктердің шешімді тәуелсіз және әділ сотта даулау мүмкіндігіне иелік етуі тиіс ([A/HRC/20/27](#), 15-бет, 61-тармақ).

Мемлекет бірлестіктерге және коммерциялық ұйымдарға бірдей қарауға міндетті ме?

Иә

Мемлекет азаматтық қоғамның ұйымдарын теңдей емес бөлетін немесе ауыртпалық түсіретін: тексерудің тым қатты ережелері, бірлестіктерге салынатын және коммерциялық ұйымдарға қолданылмайтын рәсімдер мен басқа талаптар секілді шараларды қолдануы тиіс ([A/HRC/23/39](#), 8-бет, 24-тармақ). Бірлестікті тіркеу, мысалы, коммерциялық кәсіпорынды тіркеуге қарағанда неғұрлым күрделі немесе бейнетті процесс болмауы тиіс ([A/HRC/26/29/Add.2](#), 14-15-беттер, 56-58-тармақтар).

Бірлестік дегеніміз не?

«Бірлестік» («қауымдастық») ұжымдық түрде әрекет ету және қандай да бір саладағы ортақ мүдделерді білдіру, алға бастыру, жүзеге асыру немесе қорғау үшін бірге жиналған жеке және/немесе заңды тұлғалардың кез келген тобын білдіреді ([A/HRC/20/27](#), 13-бет, 51-тармақ). Бірлестіктің кейбір таралған тұрпаттары азаматтық қоғам ұйымдарын, клубтарды, кооперативтерді, ҰЕҰ, діни бірлестіктерді, саяси партияларды, кәсіподақтарды, қорларды, «онлайн» режимде жұмыс істейтін бірлестіктерді қамтиды ([A/HRC/20/27](#), 13-бет, 52-тармақ).

Қауымдастық еркіндігінің құқығы дегеніміз не?

Егер қарапайым сөздермен айтса, қауымдастық еркіндігінің құқығы пікірлестер тобына құру немесе оған кіру және ортақ мүдделерді көздеу құқығын қорғайды. Топтардың формальды немесе формальды емес болуы мүмкін; қауымдастық еркіндігі құқығының әрекет етуі үшін бірлестікті тіркеу міндетті емес ([A/HRC/20/27](#), 14-бет, 56-тармақ). Бірлестік құру үшін екі адамның болуы жеткілікті ([A/HRC/20/27](#), 14-бет, 54-тармақ).

Қауымдастық еркіндігі құқығының неліктен мұндай маңыздылығы бар?

Қауымдастық еркіндігінің құқығы – біз иелік ететін адамның неғұрлым маңызды құқықтарының бірі. Бейбіт жиналыстардың еркіндігімен қатар ол адамдарға өз күштерін біріктіру және ортақ игілік үшін жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін адамның негізгі құқықтарының бірі болып табылады. Бұл көптеген басқа азаматтық, мәдени, экономикалық, саяси және өлеуметтік құқықтарды жүзеге асыру құралы ([A/HRC/20/27](#), 5-бет, 12-тармақ). Қауымдастық еркіндігінің құқығы тиімді демократиялық жүйелердің пайда болуында және туындауында шешуші рөл атқарады, өйткені олар азшылықтың немесе келіспейтіндердің пікірлері мен көзқарастары құрметтелетін диалогты, плюрализмді, тәзімділікті және либерализмді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады ([A/HRC/20/27](#), 20-бет, 84-тармақ).

Қауымдастық еркіндігіне құқық ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін қамти ма?

Иә

Бірлестіктердің отандық, шетелдік және халықаралық дерек көздерінен ресурстарды іздеу, алу және пайдалану мүмкіндігі қауымдастық еркіндігіне құқықтың ажырамас және маңызды бөлігі болып табылады ([A/HRC/20/27](#), 17-бет, 67-тармақ; [A/HRC/23/39](#), 4-бет, 8-тармақ). «Ресурстар» термині ақша қаражаттарын аударуды, ақшалай емес нысандағы қайырмалдықтарды, материалдық ресурстарды, адам ресурстарын және басқаларды қамтитын кең ұғым болып табылады ([A/HRC/23/39](#), 5-бет, 10-тармақ). Отандық немесе шетелдік қаржыландыруды алуға биліктің рұқсаты талап етілмейді тиіс ([A/HRC/20/27](#), 17-бет, 68-тармақ); тіркелген және тіркелмеген бірлестіктер қаржыларды және басқа ресурстарды еркін іздеу және отандық, шетелдік және халықаралық заңды тұлғалардан алу құқығына иелік етуі тиіс ([A/HRC/20/27](#), 17-бет, 68-тармақ). Неғұрлым толық ақпаратты Арнайы баяндамашы Демократия қауымдастығымен бірге әзірлеген «[Азаматтық кеңістікті қорғаудың жалпы қағидаттарынан және ресурстарға қол жеткізу құқықтарынан](#)» табуға болады.

Интернетте қауымдастық еркіндігіне құқық қолданыла ма?


Иә

Мемлекеттер қауымдастыққа құқықты Интернетте де, шынайы өмірде де құрметтеуге және жан-жақты қорғауды қамтамасыз етуге міндетті ([Адам құқықтары жөніндегі кеңестің қарары 24/5](#)). Интернет, атап айтқанда өлеуметтік желілер және басқа ақпараттық-коммуникациялық технологиялар шынайы өлемде қауымдастық еркіндігінің құқығын жүзеге асыруға қолғабыс етудің маңызды құралы болып табылады. Адамдар сондай-ақ виртуалды кеңістіктерде бірігуге, өз пікірлерін білдіру үшін Интернетте жиналуға құқылы ([Адам құқықтары жөніндегі кеңестің қарары 21/16](#)). Барлық мемлекеттер кез келген уақытта, соның ішінде саяси тұрақсыздық кезеңдерінде Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс ([A/HRC/17/27](#), 79-тармақ). Интернет-контентті оқшаулау туралы кез келген шешімді құзыретті сот органы немесе саяси, коммерциялық немесе өзге рұқсат етілмейтін ықпалдан тәуелсіз өзге органдар қабылдауы тиіс (сол жерде).

Билік органдары бірлестіктің ішкі істеріне араласа ала ма?

Жоқ

Билік органдары бірлестіктердің ішкі істеріне араласпауға және оның Азаматтық және саяси құқықтар туралы пактінің 17-бабында көзделгендей жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығын құрметтеуге міндетті ([A/HRC/20/27](#), 16-бет, 65-тармақ). Билік органдары құқылы болмауы тиіс: бірлестіктердің шешімдері мен қызметтерін қандай да бір жағдайларды байланысты етуге; басқа мүшелерін сайлауды жоюға; басқарма мүшелерінің шешімдерінің құзыреттілігін билік өкілінің қатысуына тәуелді етуге; бірлестіктен баяндамаларды жариялауға дейін бөруге талап етуге; қызмет жоспарларын бекітуге беруді талап етуге ([сол жерде](#)). Тәуелсіз органдар бірлестіктің есеп құжаттарын айқындылықты және есептілікті қамтамасыз ету механизмі ретінде тексеруге құқылы, бірақ мұндай рәсімдер еркін түрде болмауы және кемсітушілікке жол бермеу қағидаттарын және жеке өмірге қол сұқпаушылық құқықтарын құрметтеуі тиіс (сол жерде).



Негізгі халықаралық құжаттар

[Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт](#), 22-бап:

1. Өрбір адам басқалармен қауымдастық еркіндігіне құқыққа, соның ішінде кәсіподақтар құру және өз мүдделерін қорғау үшін мұндайларға кіру құқығына иелік етеді.
2. Бұл құқықты пайдалану заңмен қарастырылатын және демократиялық қоғамда мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздіктің, қоғамдық тәртіптің, денсаулықты қорғаудың және халықтың инаттылығының немесе басқа тұлғалардың құқықтары мен еркіндігін қорғаудың мүдделері үшін қажеттерін қоспағанда, ешқандай шектеулерге жатпайды. Осы бап қарулы күштердің және полицияның құрамына кіретін тұлғалар үшін осы құқықты пайдалануға заңды шектеулерді ендіруге кедергі келтірмейді.

Сонымен қатар мыналарға қараңыз:

- [Экономикалық, өлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт](#): 8-бап
- [Адам құқықтарының жалпы декларациясы](#): 20-бап
- [Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Халықаралық Конвенция](#): 5(іх) бабы
 - [Бала құқықтары туралы конвенция](#): 15-бап
 - [Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция](#): 29-бап
- [Құқық қорғаушылар туралы декларация](#): 5-бап
 - [ХЕҰ Конвенциясы: No. 87, No. 98, No. 135](#)

Негізгі аймақтық құжаттар:

- [Африканың адам және халықтар құқықтары хартиясы](#): 10-бап
- [Африканың баланың құқықтары және әл-ауқаты хартиясы](#): 8-бап
- [Американың адам құқықтары және міндеттері декларациясы](#): 22-бап
 - [Американың адам құқықтары туралы конвенциясы](#): 16-бап
 - [Еуропаның адам құқықтары жөніндегі конвенциясы](#): 11-бап
 - [Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар туралы хартиясы](#): 12-бап

Қылмыстылықпен күрестің өзі қауымдастыққа құқықты шектеу үшін заңды негіздеме болып табыла ма?

Жоқ

Алаяқтықпен, қаражаттарды жымқырумен, ақшаны жылыстатумен және басқа қылмыстармен күрес мемлекеттің заңды мүдделері үшін жүргізіледі, бірақ заңды мүдденің өзі жеткілікті негіздеме болып табылмайды. Шектеулер заңнамамен белгіленуі және демократиялық қоғамда «қажеттілік болып табылуы» тиіс. Олар қорғауға мүдделілікке мөлшерлес және міндетті түрде қалаулы мақсатқа қол жеткізудің ең аз түпкілікті құралы болуы тиіс ([A/HRC/23/39](#), 8-бет, 23-тармақ; [ХАҚЖ](#), 12-бап).

Билік органдары сайлау кезеңінде қауымдастық құқығына қатысты айрықша шектеулерді енгізе ала ма?

Жоқ

Кез келген елдің өмірінде сайлау кезеңі демократия қағидаттарын бекіту, тіпті нығайту үшін бірегей сәт болып табылады. Сайлау кезеңінде шектеулер енгізу табалдырығы әдеттегіден жоғары болуы тиіс ([A/68/299](#), 10-бет, 25-тармақ). Егер қауымдастық еркіндігіне құқық шектелетін болса, осы сайлау мүмкін болмайды ([A/68/299](#), 20-бет, 56-тармақ). Бірлестіктер, олардың үкіметті қолдайтынына немесе қолдамайтынына қарамастан, сайлау процесімен байланысты қызметпен айналысу еркіндігіне иелік етуі тиіс ([A/68/299](#), 17-бет, 46-тармақ).

Бірлестік есептілік жөніндегі міндеттемелерді сақтамағаны немесе заңды шамалы бұзғаны үшін таратылуы немесе оның қызметінің тоқтатыла тұруы мүмкін бе?

Жоқ

Егер бірлестік есептілік жөніндегі өз міндеттемелерін орындамайтын болса, заңды мұндай шамалы бұзулар бірлестікті таратуға немесе оның өкілі қылмыстық қудалауға өкеп соқтырмауы тиіс; бәлкім, бірлестіктен жағдайды дереу түзетудің талап етілуі мүмкін ([A/HRC/23/39](#), 12-бет, 38-тармақ). Бірлестіктің қызметін тоқтату және оны мәжбүрлеп тарату ұлттық заңнамамен өрескел бұзудың айқын және тікелей қауіптілігі бар кезде ғана мүмкін болуы тиіс, және мұндай шаралар адам қарияларды саласындағы халықаралық нормаларға сәйкес жүргізілуі тиіс. Олар көзделетін заңдық мақсатқа бара-бар болуы және неғұрлым жұмсақ шаралар жеткіліксіз болатын жағдайда ғана қолданылуы тиіс ([A/HRC/20/27](#), 18-бет, 75-тармақ). Бұған қоса, осындай түбегейлі шараларды тәуелсіз және әдел сот қабылдай алады ([A/HRC/20/27](#), 18-бет, 76-тармақ).

Егер менің қауымдасу құқықтарым бұзылса, мен құқықтық қорғаудың тиімді құралдарына құқылы болам ба?

Иә

Мемлекеттер адам құқықтарының бұзылуы туралы, соның ішінде қауымдастық еркіндігіне құқыққа қатысты өтініштерді өз бетінше, жедел және мұқият тергеп-анықтауға қабілетті шағымдарды қарастырудың қол жетімді және тиімді механизмдерін құруға міндетті ([A/HRC/20/27](#), 19-бет, 77-тармақ). Қауымдастық еркіндігіне негізделмеген шектеу бар жерлерде зардап шегуші немесе зардап шегушілер нұқсанның өтелуіне және әділ және жеткілікті өтемді алуға құқылы болуы тиіс ([A/HRC/20/27](#), 19-бет, 81-тармақ).